

ШІҚО білім басқармасы Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің «Ақметеп орта мектебі» КММ-де 2024 жылы 8-сәуір қүні, сағат 17:00- де кезектен тыс педагогикалық кеңесі өтті.

Күн тәртібінде

Хаттама № 4

1. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің «Ақметеп орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік аттестаттаудың қорытындысымен таныстыру.

Мектеп директоры : Б. Амиргазин

Тындалды

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектепті мемлекеттік аттестаттау қорытындысымен ұжымды таныстырды. Қорытындыда көрсетілген ескертулер мен кемшіліктерді түзету қажеттілігін атап айтты.

1. Көркем еңбек пәні мұғалімі Б. Амиргазин пән бойынша курсы жок, 2023 жылы жоспарланған, алайда өтпеген
2. Мектептің тәрбие жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бүйрық талаптарына сәйкес жасалмаған.
3. 2021-2022 оқу жылында шағын орталық сабак кестесіндегі пән атаулары жұмыс оқу жоспарымен сәйкес келмейді, шағын орталық «Балдырган» тобының /3-4 жас/ вариативтік компонент пәндері перспективалық жоспарда қарастырылмаған.
2022-2023 оқу жылы мектепалды даярлық тобының перспективалық жоспары ұсынылмаған.
4. 2023-2024 оқу жылына арналған мектепалды даярлық тобының жұмыс оқу жоспары аудандық білім бөлімінің басшысымен, мектеп директорымен бекітілмеген.
5. Күнделік кз электронды журналында Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бүйрығына сәйкес БЖБ үшін қойылатын балл талаптары сақталмаған. Бүйрыққа сәйкес БЖБ бойынша кемінде 7 балл қойылу қажет. 2023-2024 оқу жылында ағылшын тілі пәнінен /5 сынып/ БЖБ 1-6 балл, қазақ тілі пәнінен /6-7 сынып/ БЖБ 2-5 балл математика пәнінен /2 сынып/

Сөйлегендер

Мектеп директоры Б. Амиргазин көркем еңбек пәні бойынша 2021-2022 оқу жылының қыркүйек айынан бастап көркем еңбек пәнінен сабак бердім. Осы уақытқа дейін аудандық білім беру бөліміне курстан

Ету туралы сұраныс берілді. Көркем еңбек пәні бойынша осы жылдар аралығында курстарға шақырту алмадым.

Шешім

1. Әдістемелік ұсынымдар негізге алына отырып, мемлекеттік аттестаттау қорытындысында көрсетілген кемшіліктерді жою 2024 жылдың 30 сәуіріне дейін жүзеге асырылсын;
 2. Күнделік кз электрондық журналы бойынша жіберілген кемшіліктерді түзету жұмыстары аталған пән мұғалімдеріне және ДОДЖО А. Шагыраеваға бақылау міндеттелсін;
 3. Осы жұмыстардың орындалуына бақылау, басшылық жасау мектеп директоры Б. Амиргазинге жүктелсін

Жиналыс төрагасы



Б. Амиргазин
А. Абдельденова